

"Аудандық бюджет қаражаты есебінен кемінде жиырма бес процентке жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар, ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет саласының азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізбесін анықтауы туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 19 қаңтардағы № 19 қаулысына толықтыруларды енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 365 қаулысы. Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 20 қаңтарда № 9-19-144 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 мамырдағы № 85 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 11.05.2014 № 85 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 18 бабының 2) тармақшасына, 238 бабының 3 тармағына сәйкес, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 28 бабына сәйкес, Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. "Аудандық бюджет қаражаты есебінен, қалалық жағдайда қызметтің осы түрімен айналысатын азаматтық қызметшілердің жалақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес процентке жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар, ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет саласының азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізбесінің анықтауы туралы " Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 19 қаңтардағы № 19 қаулысына (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілердің тіркеу Тізілімінде 9-19-90 болып тіркелген 2009 жылғы 12 ақпандағы "Нұрлы жол" газетінде жарияланған) келесі т о л ы қ т ы р у л а р е н г і з і л с і н :

жоғарыда көрсетілген қаулының қосымшасының 3 тармағын келесі мазмұнының 14), 15), 16) тармақшаларымен толықтырылсын:
" 1 4) х о р м е й с т е р " ;
" 1 5) т е х н и к - д а у ы с о п е р а т о р ы " ;

" 16) концертмейстер " .

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұзынкөл ауданының әкімі

Т.Ташмағамбетов

КЕЛІСІЛДІ:

Ұ з ы н к ө л а у д а н д ы қ
м ә с л и х а т ы н ы ң х а т ш ы с ы

_____ В. Вербовой

Ұ з ы н к ө л а у д а н д ы қ
м ә с л и х а т ы н ы ң I V
ш а қ ы р ы л ы м н ы ң к е з е к т і
о н б е с і н ш і с е с с и я с ы н ы ң
т ө р а й ы м ы

_____ А. Қуанышева